



БІРҚАТАР МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады.

Кездесу барысында Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қорғаныс ведомствосының биылғы атқарған жұмыстарының қорытындысы және әскердің жауынгерлік дайындығына қатысты жаңа тәсілдер, оқу базасы мен полигондардың жай-күйі туралы баяндалды.

Сонымен қатар мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындау мәселесіне, ұшқышсыз ұшатын ұшақ кешендерін, әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің қару-жарағын, жаңғыртылған бронды техника мен байланыс құралдарын қоса алғанда, авиациялық техниканың жаңа үлгілерімен қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

Бұдан бөлек, Президентке азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру барысы, әскери қызметшілердің мәртебесі мен оларға берілетін ақшалай қаражатты арттыруға бағытталған шаралар туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ аясында жүзеге асырылатын миссияларға қатысу үшін қазақстандық бітімгерлік контингенттің әлеуетін арттыру қажет екенін атап өтті.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы министрге отандық қорғаныс бағытындағы кәсіпорындармен ықпалдастық жасау, аумақтық қорғанысты және Арнайы операцияларға қатысатын күштерді дамыту, әскери-патриоттық жұмысты күшейту жөнінде бірқатар міндет жүктелді.

Сондай-ақ Президент Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына облыстың биылғы 11 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму нәтижесі туралы мәлімет берілді. Президентке берілген ақпаратқа сәйкес, осы жылдың қорытындысы бойынша Шығыс Қазақстан облысының жалпы өнімді өнімі 4,4 триллион теңге болады деген болжам жасалып отыр.

Қазіргі таңда инвестициялық жобалардың жалпыұлттық құрамына аймақтан құны 1,1 триллион теңге болатын 42 жоба кірген. Биыл сомасы 77 миллиард теңгені құрайтын 8 жоба жүзеге асырылып жатыр. Өндіріс агроөнеркәсіп кешенінде 37 ірі жоба орындалады. Оларға салынатын инвестиция мөлшері – 236,4 миллиард теңге.

Қазақстанда алғаш рет

жылына 4 мың тонна сұйық лецитин өндіру үшін құнбағыз тұқымын терең өңдеу әдісі енгізіліп жатыр. Шағын және орта бизнесі дамытуға қолайлы жағдай жасалуда. Атап айтқанда, осы бағыттағы жобаларға 22 миллиард теңге көлемінде қолдау көрсетілген.

Сонымен қатар Президентке 2024 жыл облыста Жол жылы деп жарияланғаны туралы айтылды. Жолдарды жөндеуге және салуға бөлінетін қаржыны екі есе ұлғайту жоспарланып отыр. Жалпы 600 шақырым жолды және көшелерді жөндеу жоспарланған.

Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында Риддер жылу-электр орталығында қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. 6 қазандық агрегаты жөндеді. Бүгінде Риддер тұрғындары жылумен қамтамасыз етілген.

Бұдан бөлек, кездесуде шекара маңынан Марқакөл және Капонкарағай атты екі жаңа аудан құру мәселесіне ерекше назар аударылды.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев өмір халқының өмір сүру сапасын арттыру маңызды екенін атап өтіп, Шығыс Қазақстан облысын әлеуметтік-экономикалық тұрғыда одан әрі дамытуға қатысты бірқатар міндет жүктелді.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Халықпен кездесуде Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, 2023 жылдың IV тоқсанында Жалағаш ауданы бойынша әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен алдағы жоспарлар баяндалды. Кездесуде «Парасат» орденінің иегері атанған жерлестеріміз профессор Бисенов Қылышбай Алдабергелұлын, Қызылорда облысының және Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Баймаханов Қожахмет Мәдібайұлын мақтанышпен айтты.

Сонымен қатар аудан әкімі Ардақ Ибраимов Аққұм ауылдық округіндегі мәдениет Үйі, А. Бисенов атындағы №38 орта мектеп және Спорт кешенінің жұмысымен танысты. Ауыл жастарын білімге, өнер мен салауатты өмір салтын ұстануға үйрететін үйірмелердің жұмысына ризашылығын білдірді.

2023 жылы Аққұм елді мекенінде су тарату жүйесінің аула ішілік су тарату желісінің құрылысы жобасын қоса қаржыландыру аяқталып, нысан пайдалануға берілді. Аққұм және Жастар көшесіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Аққұм ауылы ақсақалдарының ақ батасымен қорытындыланған жұмыс сапары Бұқарбай батыр ауылында жалғасты.

Егін маусымы аяқталып, қамбаны ақ күрішке толтырған озат еңбеккерлердің елге жасап жатқан жобалары да жетерлік. Ауыл тұрғындарымен кездесу өткізген Ардақ Ибраимов, №33 орта мектеп жұмысымен танысып, болашақ мамандық иелерінің көрмесінде өнер көрсеткен талапшыл бүлдіршіндерге ізгі ниет, ақ тілегін жеткізді. Бұқарбай батыр ауылының

3 көшесіне орташа жөндеу жұмыстары жасалуда. Қосымша 11 көшесінің құрылысына және 16 көшені жарықтандыруға жобасметалық құжаттар дайындалды.

Жеке қаражат есебінен салынған ауқымды жұмыстардың бірі, Бұқарбай батыр ауылының орталығынан салынған М. Ерниязулы атындағы саябақпен танысқан Ардақ Ибраимов, ауылға жанашыр азаматтардың адал еңбегімен жасалған жобаларды ұқыпты ұстау қажеттігін айтты.

Ауыл тұрғындарымен кездесулерге аудан әкімімен бірге «Қазақстанның Еңбек Ері», Алтын Жұлдыз бен «Отан» орденінің иегері Имамзада Шағыртаев, алқа билер кеңесінің төрағасы Кенжеғара Сүлейменов, аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов, аудан әкімінің орынбасарлары және жауапты сала басшылары қатысты.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың ауылдарға жұмыс сапары қазан айының 2-сі күні Аққыр, Жанаталап, Мақпалкөл, Мырзабай ахун және Таң ауылдық округтерінде жалғасатын болады.

5 ЖЕЛТОҚСАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВОЛОНТЕР КҮНІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық волонтер күнімен құттықтады. Президент өзінің құттықтауын Х әлеуметтік желісіндегі парақшасында жариялады.

– Бүгін – Халықаралық волонтер күні. Біз өзге де қол ұшын беретін жандарды әрдайым құрметтейміз. Еріктілер мейірімділік пен сүйіспеншіліктің, тілектестік пен

жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетіп келеді. «Адал азамат» тұжырымдамасының тірегі – осы мызғымас құндылықтар. Қоғамға пайдалы іс-шараларға атсалысатын, қайырымдылық

жобаларын жүзеге асыратын және мұқтаж адамдарға қамқорлық танытатын барша азаматтарға алғыс айтамын. Сіздердің жасампаздыққа толы қызметтеріңіз – шынайы отаншылдықтың көрінісі. Мемлекет волонтерлерге қолдау көрсете береді, – деп жазды Тоқаев.

МЕКТЕП ТӘРТІБІНЕ БАҒЫНУҒА ТИІС

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев хиджаб қимесі, мектепке бармаймын деген оқушыларға қатысты өз пікірін білдірді.

Жалпы, білім мекемелері оқу мен тәрбие беруге арналғандықтан, оларды да дұрыс түсіну керек. Мектепке бала келгеннен кейін форманы сақтауы, мектепшілік тәртіпке бағынуға тиіс. Ата-аналардың ең басты мақсаты – балаларының білімді әрі мықты азамат болып қалыптасуы. Сондықтан да, ата-аналарға басты мәселеден ауытқымауымыз керек екенін айтқым келеді. Бүкіл білім

мекемелерінде тиісті заңды орындауға білім мекемелері міндетті. Бұл бағытта жұмыс жалғасады. Ата-аналар аталған мәселеге түсіністікпен қарап, баланың бақытты әрі мықты азамат болуына жұмыла үлес қосуға тиіс. Бұл мәселені әрі қарай өрбіте беру ертеңгі жас ұрпағымызға еш пайдасын тимейтінін түсінетін уақыт келді деп ойлаймын, – деді министр Ғани Бейсембаев.

Бейсембаевтың айтуынша, әр ата-ана мен мектеп баланың ертең мықты азамат болып қалыптасуына жұмыс істеуі керек.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2500 теңге;
«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

6 айға – 2850 теңге.
БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8(7242) 27-85-75; 8-7059827661; 8-7716933181.

МҮСЫЛМАН ЖЫЛ САНАУЫ			МИЛЛДИ ЖЫЛ САНАУЫ			АЙИ КҮНДЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР
КҮН	АЙ	ЖЫЛ	КҮН	АЙ	АПТА	
1	Ережел	1445	13	Қаңтар	Сенбі	МИРЖАХ ТҮНІ
26/27	Ережел	1445	07/08	Ақпан	Сәрсенбі	
1	Шаббан	1445	11	Ақпан	Жексенбі	
14/15	Шаббан	1445	24/25	Ақпан	Сенбі	БАРААТ ТҮНІ
1	Рамазан	1445	11	Наурыз	Дүйсенбі	ОРАЗАНЫҢ БАСТАЛУЫ
26/27	Рамазан	1445	05/06	Сәуір	Жұма	ҚАДІР ТҮНІ
1	Шәууал	1445	10	Сәуір	Сәрсенбі	ОРАЗА АЙТ
1	Зұлқада	1445	09	Мамыр	Бейсенбі	АРАПА
1	Зұлқижа	1445	08	Маусым	Сенбі	
9	Зұлқижа	1445	16	Маусым	Жексенбі	
10	Зұлқижа	1445	17	Маусым	Дүйсенбі	ҚҰРБАН АЙТ (1-күн)
11	Зұлқижа	1445	18	Маусым	Сәрсенбі	ҚҰРБАН АЙТ (2-күн)
12	Зұлқижа	1445	19	Маусым	Жұма	ҚҰРБАН АЙТ (3-күн)
1	Мұхаррам	1446	07	Шілде	Жексенбі	АШУРА КҮНІ
10	Мұхаррам	1446	16	Шілде	Сейсенбі	
1	Сафар	1446	06	Тамыз	Сейсенбі	
1	Рабиғұл әууал	1446	04	Қыркүйек	Сәрсенбі	МӘУЛІТ
11/12	Рабиғұл әууал	1446	14/15	Қыркүйек	Сенбі	
1	Рабиғұл ахир	1446	04	Қазан	Жұма	
1	Жумадал әууал	1446	03	Қараша	Жексенбі	
1	Жумадал ахир	1446	02	Желтоқсан	Дүйсенбі	

2024 ЖЫЛДЫҢ ДІНИ КҮНДЕР КЕСТЕСІ БЕКІТІЛДІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Шариғат және пәтуа бөлімі 2024 жылғы діни күндер кестесін бекітті.

Хижри айлардың басталуы халықаралық астрономиялық зерттеу орталықтарының мәліметтері негізінде жасалды. Пәтуа мамандары діни мерекелердің нақты күндері жана айдың көрінуіне байланысты көрсетілген уақыттан бір күн шегерілуі немесе алға жылжуы мүмкін екенін ескерттеді, - деп жазды ҚМДБ баспасөз хатшысы Ағабек Қонарбайұлы.

«INNO.FEST» QYZYLORDA ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

8-9 желтоқсан күндері облыс әкімінің қолдауымен «Inno.Fest» Qyzylorda инновациялық жобалар фестивалі өтеді. Дәстүрлі түрде өтетін бұл жоба – «SmartCity», «Контент&Дизайн», «Кино&Видео» бағыттары бойынша бір тәулік ішінде IT саладағы ерекше жобалар жасауды мақсат етеді.

Аталмыш фестивальге көршілес мемлекеттермен қатар республиканың өзге де облыстарынан қатысушылар бақ сынаспак. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында ақпараттық технологиялар орталығының директоры Қанат Қараев хабарлады.

– Фестивальдің негізгі мақсаты – аймақтың дамуына қажетті жаңа инновациялық идеяларды қолдау, IT бағытына қызығушылығы бар жастардың жаңа жобаларына қаржылай қолдау көрсету болып табылады. Ауқымды шараға шалғай елді мекендерде тұратын ауыл жастарын тарту мақсатында 25 қараша мен 3 желтоқсан аралығында «Inno.Fest Roadshow» атты кездесулер өткізілді. Осы кездесуден кейін белсенді жастар қатары артады деп ойлаймыз. Жобаның жүлде қоры – 3 млн теңгені құрайды. Сондай-ақ, әр секциядан үздік деп танылған жастарға Astana IT университетіне, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне, Болашақ университетіне, Қызылорда Ашық

университетінің оқу гранттары беріледі. Сондай-ақ, фестиваль серіктестері бағалы сыйлықтарын табыстайтын болады, – деді Қанат Қараев.

Өз кезегінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Qyzylorda Hub бизнес-инкубаторының» жетекшісі Жанарыс Түбекбаев жобаның ереншілігіне тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– «Inno.Fest» Qyzylorda инновациялық жобалар фестивалі жергілікті атқарушы органдардың жастарға берген үлкен мүмкіндігі деп білеміз. Осы жоба аясында көптеген жас өзінің идеясын іске асырып, жобасына қолдау тапты, білім гранттарына ие болды. Биыл да бұл жоба өз жалғасын табады. 8 желтоқсан күні қатысушылар жобалар жұмыстары секциясында барлық қажетті құралдармен қамтамасыз етіледі. Олар 24 сағат ішінде өз жобаларын іске асырып, қазылар алқасына таныстыруы керек. Үздік деп танылған қатысушыны 9 желтоқсан күні студенттер сарайында анықтап, марапаттайтын боламыз. Барлық қатысушыларға сәттілік!», – деді Жанарыс Алтынбекұлы.

Айта кетейік, өткен жылы «Inno.Fest» Qyzylorda инновациялық жобалар фестиваліне 1700 жас ниет білдіріп, 200-ге жуық команда 3 бағыт бойынша өз жобаларын қорғаған болатын.

«Ел тілегі» ақпарат

ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНДА СОНЫ СЕРПІН БАР

ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келіп, аймақтың жол-көлік инфрақұрылымы нысандарының жұмысымен танысып, облыс тұрғындарымен кездесті.

Көлік министрі Қызылорда қаласындағы сол жағалауда бой көтерген жана автовокзал құрылысымен танысты. Нысан пайдалануға берілгеннен кейін барлығы 55 автобус маршруты ұйымдастырылады. Мұнан бөлек, Ташкент қаласына 1 халықаралық рейс, 46 ауданаралық, Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Жібек жолы (Черняевка), Ақтөбе және тағы басқа қалаларға 8 маршрут жолға шығады. Нысан жаз мезгілінде күніне 3700-ден астам, қыста мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсетуге ыңғайластырылып салынады. Құны 975 млн теңгені құрайтын жана автовокзал құрылысы жыл соңына дейін аяқталып, халық игілігіне қызмет етпек.

Әрі қарай министр күрделі жөндеуден өткен теміржол вокзалына барды. Өткен ғасырдың басында салынған тарихи нысанды жөндеу жұмыстары сәуір айында басталды. Бүгінде сыртқы және ішкі жөндеу жұмыстары аяқталып, ғимарат жаңа кейіпке еніп, келбеті ажарлана түсті. Вокзал аумағындағы 2-перронға және автотұраққа жана асфальт жабындысы төселді. Жобаның жалпы құны 577 млн теңгені құрайды. Оған «Қазақстан Темір Жолы» компаниясынан 322 млн теңге және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен 255 млн теңге қаржы бөлінді.

Сапар барысында Көлік министрі меценат Болат Өтемұратовтың қоры есебінен құрылысы қарқын алған, халықаралық стандарттарға сай заманауи әуесжай терминалымен танысты. Қазіргі әуесжай жылына 137 мың адамға қызмет көрсетсе, жана терминал іске қосылғаннан кейін 220 мың жолаушыны қабылдай алады. Ал жүк тасымалдау көлемі 150 тоннадан 240 тоннаға дейін ұлғаймақ. Жалпы алаңы



7500 шаршы метр болатын әуежайда телескопиялық трап, жолаушыларға, оның ішінде қозғалыс қабілеті шектеулі азаматтарға ыңғайлы болу үшін эскалаторлар мен лифтер қарастырылмақ. Терминал құрылысы 2024 жылы аяқталады.

Марат Қарабаев облыс орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлердің абааттандырылған ауласын көріп, жанадан ашылған «Анаға тағзым» орталығының жұмысымен де танысты. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен

аймақтың жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелерін талқылады.

Сондай-ақ Сыр өңіріне жұмыс сапары барысында ҚР Көлік министрі аймақ жұртшылығымен кездесті. Асқар Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде өткен жиында жол саласына қатысты бірақтар жобалар талқыланды.

Жиында облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Болат Нұрқожаев «Бейнеу-Бозой-Шалқар/Сексеуіл» автожол құрылысының ел арасында

қызу талқыланып жатқанын, жергілікті жерде өткізілген қоғамдық тыңдауларда жұртшылық бес елді мекеннің үстімен өтетін жолды Сексеуіл арқылы салуды сұрап отырғанын айтты.

Сондай-ақ, тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Тенізбаев автобус паркіне қатысты мәселе көтерді. Бүгінде енгізілген жана ережеге сәйкес, мемлекеттік кәсіпорын жолаушылар тасымалымен айналыса алмайды. Дегенмен, еліміз бойынша алты өңірде қоғамдық көлік саласы мемлекет меншігінде. Егер бұрын Қызылордада 600 жеке тасымалдаушы болған болса, қазір 100-ге де жетпейді.

Министр бұл мәселеге біржақты қарамау керегін айтты. Себебі, жекеге өткеннен кейін 20 млрд теңгеге дейін субсидия алып отырған жағдайлар бар. Тіпті, жекелеген аймақтарда бұл көрсеткіш 60 млрд теңгеден асқан. Ал Сыр өңірінде қоғамдық көлік саласы мемлекет меншігіне өткеннен кейін субсидия көлемі 1,2 млрд теңгеге дейін төмендеген. Сондай-ақ, министр саланы қалай дамытуды, жеке тасымалдаушылардың үлесін арттырып немесе керісінше мемлекет меншігіне қайтаруды жергілікті атқарушы орган айқындайтынын жеткізді.

Қызылорда облысының жол саласы бойынша ассоциациясы басшысы, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов аймақ үшін маңызды жоба – «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодалізінің құрылысы туралы айтты. Қызылорда мен Арал ауданы аралығын 4 жолақтыға кеңейту бойынша тиісті құжаттар келер жылы әзірленбек.

– Жақында ғана Мемлекет басшысының Сыр өңіріне сапары кезінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Президентке көлік дәлізінің Ақтөбе бағытындағы жағдайға тоқталып, жолды екі жолақтыдан төрт жолақтыға ауыстыру бастамасын қолдауды сұраған еді. Президент мән-жайға қаныққан соң, жоба жасыру жөнінде тапсырма берген болатын. Бұл – өте құптарлық шешім. Дегенмен, бір маңызды мәселе бар. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодалізінің бірінші кезеңі 2010 жылы басталды.

Мен ол кезде облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бастығы қызметін атқардым. Сол кезде жол құрылысына шетелдік компаниялар тартылды. Солардың қарамағында 15 қазақ компаниясы жұмыс істеді. Қазақ компанияларының арқасында жол салынып шықты. Қазір сапасы жақсы. Енді екінші кезең басталғанда облыстың компаниялары қатысса деймін. Ол үшін конкурс талаптарын реттеу керек, – деді Өмірбек Шәменов.

Өз кезегінде Марат Қарабаев Қызылорда мен Ақтөбе аралығындағы автожолды 4 жолақтыға кеңейту бойынша жұмыстар келер жылы басталатынын атап өтті. Бүгінде Ақтөбе облысы аумағына тиесілі бөлігіне жоба әзірленіп қойған.

Айта кетсек, облыста жүзеге асырылып жатқан тағы бір ауқымды жоба – «Қызылорда-Жезқазған» автожолы. Әсіресе, Қызылорда облысы аумағында қайта жаңғырту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Келер жылы жолдың біраз бөлігі пайдалануға берілімек.

Сондай-ақ, Марат Қарабаев Ұлытау облысында да құрылыс жұмыстарын ширатуға барлық шаралар жасалып жатқанын айтты. Жалпы алғайы 5 жылда елімізде 8 мың шақырым республикалық жолдар қайта жаңғыртудан өтпек. Бұл ретте құрылыс жұмыстарына отандық компанияларды тарту бойынша шаралар қамыланады.

Кездесуде ардагерлер мен сала мамандары көлік қызметкерлерінің кәсіби мерекесін белгілеу, теміржол машинисттерінің зейнет жасын қысқарту, автокөліктерді тіркеу, басқа да мәселелер бойынша ойларын ортаға салды. Жиынанан соң министр азаматтарды жеке қабылдап, БАҚ өкілдеріне сұхбат берді.

– Қазір «Бейнеу-Шалқар» жобасының құрылысын бастағалы отырмыз. Құжаттары әзірленуде. Бұл ретте халықтың көтеріп отырған мәселесі Бозой арқылы әрі қарай сол жобаның шеңберінде жолды Сексеуіл арқылы өткізу. Мәселені кездесуде ел-жұртпен бірге талқыладық. Келесі жылдың басында тағы да қосымша қоғамдық кеңес өткізіп, соның шеңберінде талқылаймыз деп уағдаластыққа келіп отырмыз, – деді ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев журналистерге берген сұхбатында.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

Қызылорда облыстық сотының 85 жылдығы аясында «Жана Қазақстандағы сот жүйесін жетілдіру» тақырыбында Қызылорда облыстық соты және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Конференцияға Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ә.Шығамбаев, Ресей халықтар достығы университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы Л.Букалєрова, Ташкент мемлекеттік заң университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы Л.Бурханова, Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы Е.Әбдірасұлов, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Н.Қалқаева, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы Б.Тайготорина, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректордың міндетін атқарушы Ж.Базартай қатысты.

Конференцияның Қызылорда облыстық мәслихат төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты Н.Байқадамов ашып, саланың маңыздылығын, соттың әрбір шешімінің артында адам тағдыры тұрғанын, сот төрелігін жүргізетін судьялардың мәртебесі арнайы заңмен айқындалғанын атап өтті.

Шарада сөз алған Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ә.Шығамбаев бүгінгі конференцияның мақсаты – сот төрелігін іске асыру бойынша өзара тәжірибе алмасу, заңнамаларға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды талқылау, алдағы басымдықтарды анықтау екенін атап өтіп, сот жүйесін үнемі жетілдіріп отыру қоғамның дамуына әсер ететінін, осы мақсатта еліміздің сот жүйесінде бірақтар реформалар жүргізіліп келе жатқанын, соның нәтижесінде, сот жүйесінде дауларды жан-жақты және объективті қараудың озық тәжірибесі қалыптасқанына тоқталды.

Конференция барысында Ресей халықтар достығы университетінің

профессоры, заң ғылымдарының докторы Л.Букалєрова заманауи саяси, экономикалық жағдайдағы қылмыскер-мигранттың тұлғасы тақырыбында баяндама жасап, мәселесін көтерді.

Ташкент мемлекеттік заң университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы Л.Бурханова өзінің баяндамасында Өзбекстан Республикасыны азаматтық құқық бойынша із-түссіз жоғалған жеке тұлғаларды, сот тәртібімен жоғалған деп тануды дәлелдеу процесін құқықтық реттеудің ерекшелігі тақырыбын қозғап, өзекті мәселелерге тоқталып өтті.

Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы Е.Әбдірасұлов өзінің баяндамасында сот билігінің тәуелсіздігі - сот жүйесі билік тармақтарынан тәуелсіз болуы керектігін, басқа мемлекеттік органдар, соның ішінде атқарушы және заң шығарушы органдар сот билігінің жұмысын шектемей, сот шешімдеріне араласпау керектігін атап өтті.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры Н.Қалқаева Қазақстан Республи-касында заңнамасы бойынша проңестік келісімді институцияландырудың артықшылықтары – қатысушылар арасында туындайтын қатынастарға жүйелілік беру, құқықтық қатынас субьектілерінің құқықтары мен міндеттері арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету, проңестік келісімді қылмыстық процесс қағидаларына сәйкестендіру, проңестік келісімге қатысты қарама-қайшылықтарды жою болып табылатынын атап көрсетті.

Конференцияға қатысушылар көтерілген мәселелер бойынша өзара пікір алмасты.

«СЫР БАРЫСЫ» ӨҢІР ЖАСТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Сыр өңірі талай талантты тудырған өлке. Сол таланттардың бірі, Сыр спортының саңлақ батыры – Сәлімгереев Нұрым Сәлімгерейұлы.

Ес білгеннен спортты жанына серік етіп, алдына қойған мақсатын нәтижеге айналдырып, талай бәсі биік бәсекеде топ жарған жерлесіміз

Шиелі ауданының жастарымен кездесті. «Қазақстан барысы» додасының алтын белбеуін жеңіп алған,

бұқаралық спортты серік етуіне, ұлттық құндылықтарды жоғары қойып, қазақ күресі спортының тынысын ашуға үлкен серпін беріп келеді.

Ұлтымыздың өмір тарихымен тығыз байланысты қазақ күресінен республикалық, халықаралық ареналарда еліміздің көк туы

желбіретіп, Гимннің шырқатуы сырбойлық жерлесіміздің жемісті жеңістері мен жетістігі Бізді ерекше қуанышқа бөлейді.

Ұлттық сана арқылы идеяға, рухани ұстаным жайында сөз қозғалып, жастарға үлкен тәрбиелік мәні зор ақпараттармен бөлісті.

ЖҰМЫСШЫ ТОП ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Облыс әкімінің орынбасары Данияр Жәналиновтің төрағалығымен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бойынша ведомстваралық жұмысты топ отырысы өтті.

Жол қауіпсіздігі мәселесінің күрделілігін ескере отырып, ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің жедел штаб отырысында өңірлерде ведомстваралық жұмысшы топ құру тапсырылған болатын.

Оның қызметі мен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары жайында аталған комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бөлім бастығы Тұрсынқожа Үсенов, облыстық полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Дәурен Майрихов баяндады.

Отырысты қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары осы бағыттағы жұмысты тиімді ұйымдастыру қажеттігін атап өтті. Облыстық полиция департаментіне автомобиль жолдарындағы қауіпті учаскелерді анықтап, кемшіліктерді жою және сол аумақтарды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу тапсырылды. Сонымен қатар мүдделі органдармен бірлесіп, қауіптілік және облысаралық бағытта жолаушылар тасымалдайтын тұлғаларды қатаң бақылауға алуы тиіс. Жол жүру ережелері талаптарының орындалуын бақылайтын рейдтік іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылғанда, жұмыс нәтиже бермек.

Ал «ҚазАвтожол» акционерлік қоғамының облыстық филиалына облыстық полиция департаментімен бірлесіп, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодалізін тексеріп, қауіпті аймақтарда жүргізушілер үшін арнайы құралдар мен жол белгілерін орнату, елді мекен тұрғындарына төрт түлкі малды бақылау жөнінде түсіндіру жұмыстарын кенінен жүргізу тапсырылды.

құқығынан айыру жазасы тағайындалған.

Сонымен бірге, 608-бабының 6-бөлігімен, яғни осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, көлік құралдарын басқару құқығы жоқ адамдар жасаған ерекеттер санатында - 41 іс қаралып, құқық бұзушыларға - 20 тәулік әкімшілік қамалқа алу жазасы тағайындалған.

Заң қатаңдатылғанымен, масаю күйінде көлік басқаратындар азаймай отыр.

Сондықтан, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтайық. Автокөлік басқаруға алкоғольдік масаң күйде отырмайық. Соны жазатайым оқиғаларға әкеп соғуы мүмкін.

МАГИСТРАТУРАҒА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ 12 ЖЕЛТОҚСАНДА БАСТАЛАДЫ

Магистратураға түсу үшін грант конкурсына құжат қабылдау 12-19 желтоқсан аралығында жүзеге асады. Ал грант иегерлерінің тізімі 21 желтоқсанның кейін жарияланатын болады.

Магистратураға түсушілер 3,8 мың мемлекеттік білім грантына үміткер бола алады.

Оның ішінде «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» даярлау бағытына – 1758 грант, Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистикаға – 569 грант, «Педагогикалық ғылымдарға» – 469 грант, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстарға» – 461 грант бөлінген.

Болашақ магистранттардың құжатын қабылдау 2023 жылғы 26 желтоқсан мен 2024 жылғы 10 қантар аралығында жүргізіледі.

Естеріңізге сала кетсек, 2-8 желтоқсан аралығында кешенді тестілеу өтіп жатыр.

Жалпы, тестілеуде 8 мыңнан астам өтініш қабылданды.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚЫЗЫЛШАҒА ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙ ӘЛІ ДЕ ТҰРАҚСЫЗ

Қазақстанда қызылшаға қатысты жағдай әлі де тұрақсыз. Соңғы тәулікте республика бойынша 230 баладан инфекция анықталған. Бүгінге дейін республика бойынша 19 мыңға жуық жағдай тіркелген. Оның 82 пайызы – 14 жасқа толмағандар.

Бұл туралы Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният айтты. Оның сөзінше, вирус қазір еліміздің 4 өңірінде өршіп тұр. Олар екі мегаполис – Шымкент пен Алматы. Жамбыл және Алматы облыстары. Бас дәрігер вирустан құтылудың жалғыз жолы – екіге алу дейді.

Тұрақсыз эпид ахуал әсіресе, Алматыда байқалды. Қазір ауруханада 110 ересек адам мен 220 бала жатыр. Барлығының жағдайы орташа дейді, дәрігерлер. Инфекция жұқтырғандардың 95 пайызы әлдеқайдай екіге алмағандар. Осы айда 5 мың балаға вакцина салынса, оның 3 мыңнан аса додасы 6 айлық сәбилерге егілген.

«Мысалы, жоспарлы түрде бір жастан алынатын болса енді, бір жасқа дейінгі балалар да ауырып жатыр ғой сол үшін балалар ауырмауы үшін жана туган нәрестелерді 6 айдан бастап егіп жатырмыз. Қызылшаға қарсы вакцина алған кезде жүріп-тұруы немесе мүмкіндігі шектеулі

балалар немесе аутизммен ауыратын балалар деп болмейміз», – дейді ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің басқарма басшысы Жасұлан Алтыбаев.

Шымкент қаласындағы 49 мектеп пен 79 балабақша қызылша ауруының ошағы саналып отыр. Мамандар бұл мекемелерде сырқаттың жылдам таралуын анықтаған. Мұнан бөлек 20 студент жұқпалы дертке шалдыққан. Осыған байланысты тұрғындар арасында профилактикалық, түсіндіру жұмыстары кенінен жүргізілуде. Соның нәтижесінде ауруға қарсы вакцина алуы тиіс болған 118 мың адамның бүгінгі таңға 21 пайызына екіге салынды. Ал одан бас тартқандармен дәрігерлерден бөлек дін қызметкерлері де кездесіп, имундальды пайдалан ұғындырды. Соңғы дерек бойынша, шаһарда 3 мыңнан аса адамнан ауру белгілері анықталған.

«Вакцинация басталғалы одан бас тартқандармен жұмыс істеп жатырмыз». Олардың саны 3366 Жұмыс нәтижесінде бас тартқандардың 34 пайызы бүгінгі күнде егілді», – деді қалалық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Сәуле Дүйсенбаева.

АИТВ-ДАН САҚТАНУ МҮМКІН БЕ?

АИТВ (ВИЧ) инфекциясынан сақтану мен алдын алудың бірнеше көздерін көрсете кетуді жөн көрдік. Бұл адамдардың жасына, ұлтына, бай-кедейлігіне қарамайтын қатерлі де жұқпалы дерт. Сондықтан өзінің осы вирусты жұқтырғанын ауырған адамның өзі де білмеуі мүмкін. Ауруды жұқтырған адамның сау адамнан ешқандай айырмашылығы болмайды. Бұл аурудың белгілері әркімде әртүрлі болуы мүмкін. Тек қана дәрігердің көмегімен қаныңызды тексеру арқылы ғана біле аласыз. Бұл – адамның имунитет тапшылығының вирусы. Ауру – жұқтырылған имунитет тапшылығының синдромы.

Қандай жолдармен жұғайды?

Қан арқылы

а) зақымдалған қанды және қаннан жасалынған препараттарды қуо кезінде

ә) зақымдалған қан жұққан медициналық құралдар арқылы

б) нашакорлар кезінде ортақ ине немесе шприц пайдаланған кезінде жұғайды

2. Ауру жұқтырған адаммен қорғаныссыз жыныстық қатынасқа түскен кезде (мүшеқалпысз)

3.Ауру жұқтырған анадан балаға жүктілік және босану кезінде немесе босанғаннан кейін ананың сүті арқылы

Ауруды балаға жұқтырудың алдын алуда

қазіргі кезде медицинада арнайы вирусқа қарсы дәрілер қолданады. Ауру жұқтырғанды екіқабат кезінде сол дәрілерді міндетті түрде қолдану керектігін білген жөн. Ал, туылғаннан кейін балаға да сол дәрілер беріледі. Осындай ауру инфекциясының алдын алу шаралары баланың жұқтыруын 2-5 пайызға дейін төмендетеді. Иә, қазіргі кезде ауру инфекциясының емі табылмаған, бірақ ауру жұқтырған жүкті әйелдің де дені сау бала тууға мүмкіншілігі бар.

Қандай жолдармен жұқпайды?

Ванна мен бассейнде, дәретханада, ауа арқылы, сөйлескенде, жөтелгенде, қол алысқанда, ортақ ыдыс және басқа да бұйымдар арқылы жұқпайды.

Қалай қорғануға болады?

Есірткіден аулақ бол! Жұқтыру қаупін тудырмайтын мүшеқап жөнінде ұмытпағаның жөн. Ішімдік ішіп, есірткі қолданған кезде жыныстық қатынасқа түспеген жөн себебі, сен ол жағдайда өзіңнің іс-әрекетіңе бақылау жасай алмайсың.

А.ОРАЗБАЕВА,
Сырлария ауданындағы
психологиялық
кеңес беру кабинетінің дәрігері



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы «Сырдария аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық кәсіпорнында байқау кеңесінің мүшесі лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурс өткізу күні: Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде.

Конкурс өткізу орны: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 27, 2-кабат, 207 кабинет. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты. Анықтама телефоны: 8 (7242) 40-04-51 (3007, 3030).

Орналасқан жері: «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сырдария аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық кәсіпорны. Индекс 120600, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Иса Токтыбаев атындағы көшесі №13.

Байланыс телефоны: 8/72436/21-178, электронды пошта: syrdarinskayaacrb@mail.ru Негізгі қызмет түрі: Сырдария ауданы халқына медициналық қызмет көрсету болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын

талаптар: Жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың болуы:

1. Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2. Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3. Денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі: Конкурсты өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде.

Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
2. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3.Өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
4. Үміткердің жеке басын куәландыратын

құжаттың көшірмесі;

5. Жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа», деп белгіленген конвертке салып мөрлейді.

Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекен-жайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді. Ішкі және сыртқы конверттер:

1) шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) бағытталуы;

2) коммуналдық кәсіпорнының байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы" және дейін ашуга болмайды" (шақыруда немесе мерзімдік басылымда көрсетілген конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурстық өтінім шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша жіберіледі.

Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде үміткер ұсынған құжаттарды қарайды және үміткердің Талаптарға сәйкестігіне бағалау жүргізеді.

Конкурстық комиссия жүргізілген бағалаудың нәтижелері бойынша әңгімелесу күнін, уақытын және ол өткізілетін жерді көрсете отырып, шақыру жіберілетін, Талаптарға сәйкес келетін үміткерлерді іріктеуді жүргізеді.

Құжаттарды қабылдау басталатын күн: Осы хабарландыруды мерзімді басылымда жариялаған күн.



2026 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ЭЛЕКТР КӨЛІКТЕРІНІҢ ЛЕГІ АРТАДЫ

Toyota Motor компаниясы 2026 жылға қарай Еуропада электр көліктерінің легін арттыруды күл көріп отыр. Компания мұндай көліктердің 6 моделін шығармақшы. Toyota сол кезде электр көліктері аймақтағы жаңа автомобиль сатылымының 20%-дан астамын енішілейді деп жорамалдайтынын мәлімдеді.

Әлемдегі ең ірі автоөндіруші өз мәлімдемесінде 2026 жылға қарай Еуропада жыл сайын 250 000-нан астам электр көлігін сатуды жоспарлап отыр. Компания Еуропада сатылымға шыққан EV және өткен жылы жария еткен шағын спорттық көлікке (жол талғамайтын) қоса, аймақта осы онжылдықта сатуды жоспарлап отырған модельдердің екі жаңа концепциясын жұртшылыққа таныстырды.

ҚАЛЫҢ ҚАРДАН ҰШАҚ ҰШЫП-ҚОНУ ЖОЛАҒЫНА ҚАТЫП ҚАЛҒАН

Германияның оңтүстігінде қалың қар жауып, салдарынан көлік қозғалысы тұрапал қалған әрі 800-ге жуық рейстің тоқтатылуына әкеліп соққан. Ақпараты бойынша, сенбі, желтоқсанның 2-сі Мюнхен әуежайында қалың қар жаууы салдарынан шамамен 760 рейс тоқтатылды. Мюнхенде тіпті автобустар, трамвайлар және кейбір пойыздардың қозғалысы да тоқтаған. Мюнхен орталық вокзалы елге келетін жолаушылар үшін жабылып, қалааралық пойыздардың қызметі дүйсенбіге дейін толық доғарған.

Басылымның жергілікті БАҚ-қа сілтеме жасап хабарлауынша, көптеген саяхатшы қаланың негізгі вокзалында қалып қойғанын жазады. Полицейлер Мюнхен тұрғындарынан аса қажеттілік болмаған жағдайда көлік құралын басқармауды сұрады, ал Баварияның оңтүстігіндегі кейбір аудан тұрғындарына үйлерінен мүлдем шықпауға кеңес берген.

МЕМЛЕКЕТТІК ТУДЫ ӨЗГЕРТУ ЗАҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Қырғызстан парламенті бірінші оқылымда мемлекеттік туды өзгерту туралы заң жобасын қабылдады. Бұл туралы Жогорку Кеңештің отырысында белгілі болды, деп хабарлайды Sputnik Кыргызстан агенттігі.

Дауыс беруге 80 депутат қатысып, 66 депутат қолдап, 8 депутат қарсы шыққан. Осылайша, парламенттегілер заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Басылым мәліметінше, бұл мәселені референдум өткізу арқылы шешу керекін айтқан депутаттар болған.

Бұған дейін Жогорку кеңеш Спикері Нұрлан Шакиев пен депутат Ұлан Примов заң жобасын әзірлеп, онда күн сәулесінің пішінін толқын стилінен түзу сызыққа өзгерту ұсынылған. Олар туды «түндік пен күн сәулесін визуалды қабылдауда қандай да бір дилемма бар» деп мәлімдеген. Парламентарийлер бұл суретті адамдар басқаша түсінетінін айтқан: біреулер күнбағысқа ұқсайды десе, біреулер киіз үйдің бүрмесі деген. Бастаманы ел президенті Садыр Жапаров қолдаған.

ОПЫРЫЛҒАН ТУННЕЛЬДЕГІ 41 ЖҰМЫСШЫ ҚҰТҚАРЫЛДЫ

Үндістанның солтүстігінде құтқарушылар Гималайда опырылған туннельде қалып қойған жұмысшыларды құтқару операциясын аяқтады. Жұмысшылар жер астында 17 күн болды.

Басылым мәліметінше, Уттаракханд штатының үкіметі 28 қарашада сағат 15:30 шамасында барлық 41 адамның құтқарылғанын хабарлаған. Туннельдің опырылуы осыдан 17 күн бұрын, 12 қарашада 4,5 километр тереңдікте болған еді. Жұмысшылар апат болған кезде туннельден шыға алмай қалса да, олардың ешқайсысы зардап шекпеген. Олар 17 күн бойы ұзындығы шамамен екі шақырым және биіктігі 8,5 метр болатын кеністікте өмір сүрген. Құтқару операциясына жүзден астам адам жұмылдырылған. Дүйсенбіде құтқару операциясына Үндістанда "егеуқұйрық-шактерлар" деп аталатын арнайы бөлмше қосылған. Бұл жасақтың тәсілі, негізінен көмір шахталарында пайдаланылады және өте тар кеністіктегі жұмысқа арналған. Жерасты жұмыстары бойынша австралиялық сарапшы Арнольд Дикс ВВС-ге берген сұхбатында «дәл осы құтқару жұмысы – осыған дейін болған ең күрделі операция» екенін айтқан.

«Бұл – ең қиын операция болды. Опырылу кезінде ешкім зардап шеккен жоқ, сол жерде болған әрбір адамның аман-есен шығуын қамтамасыз ету біздің міндеттіміз болды», - деді ол. Тағы да оқыңыздар

ОБЪЯВЛЕНИЕ

медицинской помощи населению Сырдарьинского района.

Требования, предъявляемые к участникам конкурса: Наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

1. Наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;
2. Наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и(или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;
3. Членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

Срок представления заявлений об участии в конкурсе: В течение 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования объявления о проведении конкурса.

Перечень документов, прилагаемых к заявлению об участии в конкурсе:

1. Заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2.Резюме на государственном и русском языках;
- 3.Автобиография (в произвольной форме);
4. Копия документа, удостоверяющего

личность кандидата;

5. Копия документа о высшем образовании;

6. Копия документа, подтверждающая трудовую деятельность работника;

7. Документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Участник запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: «Оригинал». На этом конверте указываются фамилия, имя, отчество (при его наличии) и адрес участника. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

Внутренний и внешний конверты должны:

- 1) быть адресованы уполномоченному

ЖЫЛ САЙЫН ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН 80 ӘЙЕЛ КӨЗ ЖҰМАДЫ



Зибаш Ә.ЛИ

Қазақ қыздары ар-ожданды бірінші кезекке қойғандықтан отбасындағы жанжалды жақындарымен бөлісуді ұят санап, өзгеден келетін сөзден намыстанатыны анық. Бұл жағдай көп адамның басында бар. Мәпелеп өсірген қызына «сол үйдің отымен кіріп, күлімен шық» дейтін ананың сөзі көп нәрсені аңғартатындай. Қате деуден аулақтық. Бұл сөздер бір жағынан тәрбиенен астарласса, бір жағынан кеткен қыздың үйіге қайта келмеу керектігінен де хабар береді. Балкім содан кейін тұрмыстағы қыздар қайтып келген атақты арқаламауға тырысады. Жалпы, статистика мәліметіне сүйенсек, соңғы жылдары шаңырақ көтергендердің саны көбейген. Тиісінше шаңырағын шайқалтып, баланы тірі жетім етіп, ажырасқандар да жетерлік. Бұл мәселеде Қызылорда облысында да көрсеткіш көңіл көншітпейді. Ажырасушылардың дені отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа душар болып, соңында балаларын бауырға қысып, үйден безгендер. Мәселен Қызылода қалалық полиция басқармасына 2023 жылдың 11 айында Қызылорда ҚПБ-сы «102» арнасына «отбасы жанжалы болуда» деген 1200-ден аса хабарлама келіп түссе, ҚР ҚК 106-бабы бойынша денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіргені үшін 170 шағым түскен.

25 қараша – Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің халықаралық күні. 2015 жылдың қыркүйек айында БҰҰ-ға мүше елдердің басшылары 2030 жылға дейінгі тұрақты дамуудың 17 мақсатына қол қойған болатын. Оның бесіншісі – гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдер мен қыздардың құқытары мен мүмкіндіктерін кеңейту деп аталды. Өйткені, әйелдерге қатысты

зорлық-зомбылық – адам құқықтарын бұзудың ең көп таралған түрі саналады. Сондықтан бұл мәселені Мемлекет басшысы да әрдайым өзінің халыққа жолдауында назардан тыс қалдырған емес.

Бас прокуратураның Қоғамдық мүдделерді қорғау қызметінің басшысы Марат Әбішев тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен бет-бет келетін әйелдердің ресми статистикасын ағады. Жыл сайын тұрмыстық зорлық-зомбылықтан кем дегенде 80 әйел көз жұмады екен. Ауыр соққылардан 150 әйел жарақат алса, 200 әйел орта дәрежедегі, 4 мыңнан астам әйел жеңіл жарақат алады. Полицияға күн сайын 300 шағым түседі. Оның ішінде бала мен әйелді сабау, мүгедектікке душар ету, тіпті кісі өлтіру фактілері бар. М.Әбішевтің сөзінше елдегі әрбір үшінші әйел отбасында зорлық-зомбылыққа тап келеді.

2023 жылдың 10 айында тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін елімізде 50 мың адам әкімшілік жауапкершілікке, 700 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылыпты. Дегенмен бұл сандар шынайы жағдайдың көрінісі бола алмайды. Отбасындағы жанжалдың көбі жабулы қазан күнінде, құқық қорғау органдары мен әлеуметтік жұмысшылардың назарынан тыс қалады. Тіпті жүйелі түрде сабап, қорқытып, психологиялық зомбылық жасау жағдайлары да жасырын қалады. Сарапшылардың жүргізген есебі бойынша, елдегі әрбір үшінші әйел осындай қарым-қатынаспен бетпе-бет келеді деп деп басып айтылуда.

Ата-анамның жүзіне қара дақ салмайын деген бұрынғы көзқарасты жетегінде жүрген нәзік жандылар аз емес. Бірі отбасындағы ұрыстың бастамасын жоқшылықтың тұйығына тіресе, енді бірі жұмыссыздық, тіпті кейбіреулері ашы сумен байланыстырады. Әр жаңұяның

МАМАНДЫҒЫМ МАҚТАНЫШЫМ

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды таңдау, өйткені болашақ өмірі соған байланысты. Өмірде мамандық таңдаудан, жар таңдаудан қателеспеу керек керек деп ойлаймын. Мамандық бұл сүйікті ісің болғанда ғана оған беріліп жұмыс жасай аласың, жарқын болашақ кепілі бола алады.

Әр адам сүйікті мамандығын өзі таңдауы және оған құрметпен қарауы керек. Мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті талап ететін маңызды қадамдардың бірі. «Алуан-алуан кәсіп бар,таңдай біл де,талап қыл»- демекші 2022 жылы И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінің «Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығына оқуға түсіп білім алудамын. Мен автокөліктерге қатты қызығушылық таныттым. Автомобильдерге қызығушылығым кішкене кезден нағашы атамның қасында жүріп басталған. Атам механик, ауыр көліктерді жақсы жөндейді. Өз атам elektrik болған. Әкемде құр алақан емес, бір кісідей көліктің қыр-сырын біледі. Осы кісілерден көріп, біліп өстім. Қазіргі таңда екінші курс студентімін. Бұл мамандық та автокөліктердің ақауының себептерін анықтау үшін әртүрлі сынықтар мен тексерулер жүргізіледі. Белшектің жөндеу және ауыстыру т.б. Сол себепті мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек.Яғни, Мамандық таңдау – бұл өміріміздің бір кірпішін дұрыс қалау.

Сонымен қатар колледжде мамандық бойынша облыстық, қалалық, колледж ішілік байқаулар өтіп тұрады.WorldSkills Kazakhstan Ұлттық чемпионатына «Жеңіл автомобильдерге техникалық қызмет көрсету» құзыреттілігі бойынша студенттерді жылда оқытушыларымыз дайындап жетекшілік етеді.

Жалпы автомеханик – автомобиль өнеркәсібіндегі маңызды және ажырамас кәсіби маман. Оның жұмысы көлік құралдарының қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ тұтынушылардың көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеудегі қажеттілік,болып табылады.

Әсемпаз болма әрінеге
Өнерпазболсанарқалан
Сен де біркіріпшдінуінеге
Кетігінтапта бар қалан,-деп өмірден өз орнын тауып, елімізге қажетті кәсіби маман иесі болу бөріміздің арманымыз.

Асхат КЕНЖЕБЕКҰЛЫ,
И.Әбдікәрімов атындағы
Қызылорда аграрлық
техникалық
жоғары колледжінің
А-220 оқу тобының студенті



4.12-10.12.2023

Тоқты
(21 наурыз-20 сәуір)

Тоқты белгісіндегілер үшін барлық жағынан мүмкіндіктер ашылатын сәт. Қаржылық жағдай тұрақталып, қызмет пен отбасында жайлы үйлесімділік орнайды.

Торпақ
(21 сәуір-20 мамыр)

Торпақ белгісіндегілер өздерін жан-жақты толықтыратын уақыт. Көптеген жаңа бастамаларға жол ашылып, көптен мақсат еткен іс пайдасын береді.

Егіздер
(21 мамыр-21 маусым)

Егіз белгісіндегілерге жалқаулануға болмайды. Алда келе жатқан мерекелі күндерді жақсы көңіл-күймен қарсы алау үшін тынымсыз еңбектену қажет.

Шаян
(22 маусым-22 шілде)

Шаян белгісіндегілер ұйқысынан оянатын кез. Жан-жағын бағамдап, оңы мен солына мін беріп, өзін ретке келтіріп, отбасына көп уақыт жұмсағаны жөн.

Арыстан
(23 шілде-22 тамыз)

Арыстан белгісіндегілерді көптеген шаруалар күтеді. Барлығын ретімен шаршамай жасағаны дұрыс. Маңыздысы жақын адамдарымен көп уақыт өткізу.

Бикеш
(23 тамыз-22 қыркүйек)

Бикеш белгісіндегілер үшін апта жайлы болады. Жай ғана ұлудың жылдамдығындай уақыттың өзінде ойлаған ісін тындырымды аяқтап тастауға мүмкіндігі зор.

Таразы
(23 қыркүйек-22 қазан)

Таразы белгісіндегілер ақшаға қатты үнем жасағаны дұрыс. Оңды-солды ақша шашу қаржылық қысылтайаңға әкелуі мүмкін. Отбасына мән бергені дұрыс.

Сарышаян
(23 қазан-21 қараша)

Саршаян белгісіндегілер үшін әдемілік маңызды. Сондықтан осы апта өзіне көбірек мән беріп, сұлулық салондарына баруына болады. Ақшаға үнеммен қарау ескертіледі.

Мерген
(22 қараша-21 желтоқсан)

Мерген белгісіндегілердің махаббатта жолы болады. Тіпті басы бос бойдақтардың айы оңынан туып, өзі арман еткен екінші жартысын табуына сәтті кезең.

Тауешкі
(22 желтоқсан-19 қаңтар)

Тауешкі белгісіндегілердің денсаулығына мән беру керек. Жақын-жуықтарымен арада болған араздықтарды ұмытуға келелі кезең. Бастысы уайымнан арылу керек.

Суқұйғыш
(20 қаңтар-18 ақпан)

Суқұйғыш белгісіндегілер аптаны өзінің қажетінше тіімді пайдалануы керек. Әр сөттен ләззат ала білгені жөн. Жақындарға жақсылығын аямайтын кезең.

Балықтар
(19 ақпан-20 наурыз)

Балық белгісіндегілер үшін апта сәтті болады. Жаңа таныстықтар оған тек қуаныш сыйлап, тіпті бақыты жолында үлкен қадамдарға жетелеуі мүмкін.

МӘМС АЯСЫНДА АШЫҚ ЖҮРЕККЕ ОПЕРАЦИЯ ТЕГІН ЖАСАЛАДЫ

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу мен емдеуге ерекше көңіл бөлінеді. Қызылорда қаласындағы көпсалалы облыстық ауруханада кардиологтар ашық жүрекке қымбат ота жасауда.

Шиелі ауданының тұрғыны Сүлеймен Әбдіраманов енгізу, шаршау шағымдарымен дәрігерлерге жүгінген. 53 жастағы ер адам жүрегінің митральды қақпақшасының дұрыс жұмыс істемейтінін білмеген. Науқасқа шұғыл ота жасалды. Қазір оның денсаулығы әлдеқайда жақсы.

«Жүрегім бір жыл бойы мазалады, бірақ дәрігерлерге бармадым. Жүрегіме ота жасалы, қақпақты ауыстырды, ол қымбат. МӘМС-те сақтандырылғанмын, тегін емделемін. Дәрігерлерге мың алғыс», – дейді Сүлеймен Әбдіраманов.

Кардиохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Берік Дәутбаев атап өткендей, жыл сайын облыстық ауруханада жүрекке

үш жүзге жуық ота жасалады. Сондай-ақ, екі мыңнан астам коронарография, оның ішінде сегіз жүз стенттеу. Жүрекке ота – ең қымбат медициналық қызметтердің бірі. Шұғыл жағдайларда бұл оталар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында ҚР барлық азаматтарына тегін жасалады.

«Наукас бұрын диспансерлік есепте тұрмаған, оған жүректің ревматикалық ауруы диагнозы қойылған. Ашық жүрекке ота жасалды. Тозығы жеткен митральды қақпақшаның орнына американдық биологиялық қақпақ орнатылды. Наукастың денсаулық жағдайы жақсы, енгізу жок. Бұл МӘМС аясында жасалатын құны 3,5 миллион теңге тұратын қымбат ота», – делі Берік Дәутбаев.

Жыл басынан бері ҚОА-ның кардиохирургиялық орталықта 2 771 адам ем қабылдаған. Осы мақсаттарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 3,3 млрд теңге бөлінді.

ЖҮРЕКТІ СУЫҚПЕН ЕМДЕУ. МӘМС АЯСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОТАЛАР ҚОЛЖЕТІМДІ

«Суықпен емдеу» деп аталатын криоабляцияның инновациялық әдісін пайдалана отырып, жүрекке оталарды Алматы қ. №7 қалалық клиникалық ауруханасының, Қызылорда қ. көпсалалы облыстық ауруханасының кардиологиялық орталығының мамандары бірлесіп жасайды. Шеберлік сабақтардың барысында 9 ота жасалды.

73 жастағы Нұржамал Қуанышбаеваға (аты-жөні өзгертілді) ота жасалды. Көптеген жылдар бойы жоғары қан қысымымен ауырады, диспансерлік есепте тұрады. Денсаулық жағдайының нашарлауына байланысты наукас жүрек ырғағын емдеуге арналған жоспарлы отаға жіберілді.

Алматы қаласының №7 қалалық клиникалық ауруханасының интервенциялық аритмолог дәрігері Қанат Ерғешов айтқандай, криоабляцияға көрсеткіш – қақпақша ақаулары және жүрек ырғағының бұзылуы. Қарсы көрсеткіштер жоқ. Қан ұйығыштары болса да, хирургтар араласып, оларды алып тастайды. Сонымен қатар, криоабляция тромбоэмболиялық асқынудар мен инсульттің алдын алуға көмектеседі.

«Ота жергілікті анестезиямен тіліксіз жасалады. Арнайы катетер артерияға енгізіліп, жүректегі қан тамырларына жеткізіледі. Дәрігер бұл процесті мониторда бақылайды. Аритмия орны табылғаннан кейін, бұл жерге арнайы катетер арқылы суық әсер етеді. Суықтың көзі – арнайы баллондағы азот оксиді. Егер бұрын мұндай оталар ФЗИ-ры мен жетекші ауруханаларда ғана жасалса, енді МӘМС жүйесінің арқасында аймақтарда жүректі криоабляциясы жасалады. Отаның құны - шамамен 4 млн. теңге. Сақтандырылған азаматтар үшін – тегін», – деп түсіндірді Қанат Ерғешов.

Дәрігерлердің айтуынша, отадан кейін қалпына келтіру қысқа уақытты алады. Бір айдан кейін науқастың әл-ауқаты айтарлықтай жақсарады. Жүрек-қан тамырлары ауруларын ерте анықтау үшін жыл сайынғы скринингтен өту керек, ол да тегін қол жетімді.

Жыл басынан бері көпсалалы облыстық ауруханада 51 пациентке жүректі криоабляциялау бойынша оталар жүргізілді. Осы мақсаттарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 223,8 млн. теңге бөлінді.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-У «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242) 27-42-42 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

РАДИАЦИАЛЫҚ АХУАЛДЫ ТЕКСЕРУ АКТІСІ 01.12.2023 ж.

Комиссия мүшелері, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі санитарлы-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық Сараптама Орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының Шиелі аудандық бөлімшесінің радиология зертханасының маманы Туленова Қарашаш Бейсенбайқызымен «РУ-6» ЖШС-нің Радиациялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бөлімінің техник-дозиметристтері Бердешов Құрманғазы Төлешұлы мен Садыхов Бақытжан Ахметхалиұлының қатысуымен Шиелі ауданы бойынша, табиғи гамма сәулесінің тиімді доза қуатымен, пайдаланылып жүрген ғимараттардағы радонның еншілес өнімдерінің ауадағы эквивалентті тепе-тең көлемді белсенділігіне тексеру жүргізілді.

1. Шиелі кенті
1.1. Орталық емхана
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08 – 0,15 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 9-13 Бк/м3
1.2. Әл-Фараби көшесі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07 – 0,13 мкЗв/сағат
1.3. № 270 қазақ орта мектебі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08 – 0,14 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 11-16 Бк/м3
1.4. Орталық мешіт
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07 – 0,14 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 11-15 Бк/м3
1.5. Ауадандық мәдениет үйі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,10 – 0,13 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 9-11 Бк/м3
1.6. Темір жол вокзалы
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,09 – 0,13 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 10-15 Бк/м3
1.7. Орталық базар
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,11 – 0,15 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 8-14 Бк/м3
1.8. Орталық стадион
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07 – 0,12 мкЗв/сағат
2. Жахаев ауылы
2.1. Жахаев ауылдық мешіті
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08 – 0,13 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 7-13 Бк/м3
2.2. Ауыл емханасы
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07 – 0,15 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 10-14 Бк/м3



2.3. 3. Ержанова көшесі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07 – 0,11 мкЗв/сағат
2.4. № 149 А.С. Монтаяв атындағы орта мектебі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,11 – 0,14 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 10-15 Бк/м3
2.5. Абай көшесі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08 – 0,13 мкЗв/сағат
2.5. Жахаев көшесі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07 – 0,14 мкЗв/сағат
2.6. 18 квартал 10 үй
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08 – 0,11 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 9-16 Бк/м3
2.7. Темір жол аста көпірі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08 – 0,11 мкЗв/сағат
3. Байсын ауылы
3.1. Жаңатұрмыс ауылдық округі әкімшілік ғимараты
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08 – 0,16 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 9-15 Бк/м3
3.2. Палмағанбетов көшесі



Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,08-0,16 мкЗв/сағат
3.3. № 207 қазақ орта мектебі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07-0,16 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 9-12 Бк/м3
3.4. Байсын ауылдық мәдениет үйі
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,09 – 0,11 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 10-17 Бк/м3
3.5. Әлі ата мешіті
Табиғи гамма сәулесінің салдарлы дозасының мөлшері 0,07 – 0,14 мкЗв/сағат
Радонның ЕӨ ауадағы ТКББ 9-13Бк/м3
Тексеру мемлекеттік салыстырып тексеру сертификаттары бар: № 19691 кең диапазоны МКС-АТ1117М радиометр-дозиметрі және № 05-21 РАМОН-02 радон-радиометрі үлгісіндегі аспаптармен жүргізілді.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 2 тамызында №ҚР ДСМ-71 бұйрығымен бекітілген «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» Гигиеналық нормативтердің 29 тармағына сәйкес, өлшенген нүктелердегі гамма сәулесінің тиімді доза қуаты ашық жердегі дозаның қуатынан (0,20 мкЗв/сағат) және радонның еншілес өнімдерінің (ЕӨ) ауадағы эквивалентті тепе-тең көлемді белсенділігі (200 Бк/м3) рұқсат етілген шекті деңгейден аспайды.

Туленова Қ. Б.
Садыхов Б.А.
Бердешов К.Т.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА 22 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ЖРВИ ЖҰҚТЫРДЫ

Қызылорда облысы бойынша 2023-2024 жылғы жаңа эпидмаусымда 22 мыңнан астам адам жіті респираторлы вирусты инфекция жұқтырды.

Қызылорда облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметіне сүйенсек, облыста 2023-2024 жылғы жаңа эпидмаусымда жіті респираторлы вирусты инфекцияның 22 170 жағдайы тіркелген. Олардың 67 пайызы – 14 жасқа дейінгі балалар болса, оның ішінде 10 пайызы – 1 жасқа дейінгі сәбилер арасында кездесіп отыр. Облыс бойынша ЖРВИ-мен сырқаттанушылықтың ауыр ағымындағы 560 науқастың сынамасы ПЦР әдісімен тексерілді. Нәтижесінде зертханалық жолмен тұмау ауруының 21 жағдайы нақтыланды. Басым бөлігі (71,4 пайыз) облыс орталығында көрініс берді.

«Тұмау ауруының алдын алудағы ең тиімді әдіс – вакцинация. Вирусқа қарсы иммундау науқаны жыл сайын күзде басталады. Бұл екте аурудың ауыр түрлерін, ауруханаға түсу жағдайын, өлім-жітімді төмендетеді. Тұмауды жұқтырып алу қаупін сейілтеді. Жалпы эпидемиологиялық ахуалды тұрақты ұстап тұруға өз септігін тигізді. Вакцинация қауіпсіз. Одан кейін кейбір адамдарда екте жасаған жерде қызару және ауырсыну, бас ауыруы және бұлшық ет ауыруы, азғана дене қызуы, әлсіздік және жүрек айнуы сияқты жанама әсерлері болуы мүмкін. Бұл әсерлер тез жойылады. Тұмау ауруының алдын алу мақсатында ҚР Үкіметінің «Қарсы профилактикалық ету жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және халықтың жоспарлы егілуге жатқызылатын топтарын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес 84 430 доза вакцина сатып алынды», – деп мәлім етті Қызылорда облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова.

Ведомство мәліметінше, қазірге дейін облыста 83 168 азаматқа тұмауға қарсы вакцина салынған. Оның ішінде балалар саны – 20 418, ересектер – 62 750 адам.

«ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ СӘУЛЕТ, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№ р/с	Басшының аты-жөні	лауазымы	Қабылдайтын күндері	Уақыты
	Ахметов Орман Айтмағанбетұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күндері	Сағ. 15:00-ден 17:00-ге дейін

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әлеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жаңақорған кенті М. Көкенов көшесі №44 - мекен-жайындағы ғимаратта орналасқан аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінде 22-3-24 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/РУ00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Саяси менеджмент жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 7 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №282

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/